

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

6

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

NOVEMBER
НОЯБРЬ
ҚАРАША

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., академик (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., академик (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Юлдашбаев Ю.А. проф., РҒА корр.-мүшесі (Ресей)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Моход Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., академик (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., академик (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Юлдашбаев Ю.А. проф., член-корр. РАН (Россия)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., academician (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., academician (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yuldashbayev Y.A., prof. corresponding member of RAS (Russia)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

M. O. Nassimov, B. Zh. Paridinova

University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan.

E-mail: nasimov_m@mail.ru

PRAGMATISM AS OBJECT SCIENCE

Abstract. The pragmatism as a special philosophical current and its ideas takes the important place in modern society. In modern sources the pragmatism is understood as an image of behavior, the living position based on practical interests or sober calculation, motive to the activity meaning practical benefit.

In program article «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity» President of Kazakhstan has urged Kazakhstan citizens to change habits and the hackneyed principles as without it full modernization of the country is impossible. National leader called bitter examples of negligent attitude to the native earth. According to the head of state, on the way to modernization Kazakhstan citizens have to revive in themselves qualities which were inherent in them since ancient times. The pragmatism, according to the President, is to have achievement of a specific goal in a priority, it is a healthy lifestyle, professional development and ability on this way is favorable to use each thing.

In this article the pragmatism is defined as a science object. Investigated evolution of a pragmatism purpose identification of his fundamental principles. Considered views of key representatives of a current and their most interesting ideas.

Keywords: truth, consciousness, experience, idea, concept of «doubt-belief», philosophical views, main directions of a pragmatism.

ӘОЖ 32.019.51

М. Ө. Насимов, Б. Ж. Паридинова

«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан

ПРАГМАТИЗМ ҒЫЛЫМ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Аннотация. Прагматизм ерекше философиялық бағыт ретінде және оның идеялары заманауи қоғамда ерекше орын алады. Заманауи деректерде прагматизм тәжірибелік мүдделерге негізделген мінез-құлық салты, өмірлік ұстаным немесе тәжірибелік пайданы көздейтін парасатты есеп, қызметке ынталану ретінде түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін еместігін айтты. Ұлт Көшбасшысы жерге немқұрайлы қараудың ащы мысалдарын атап көрсетті. Мемлекет басшысының пікірінше, қазақстандықтар жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Президенттің айтуынша, прагматизм – бұл нақты мақсатқа жету, саламатты өмір салты, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану.

Берілген мақалада прагматизм ғылым нысаны ретінде айқындалады. Оның негізгі қағидаларын сәйкестендіру мақсатында прагматизмнің дамуы зерттеледі. Бағыттың негізгі өкілдерінің көзқарастары мен олардың қызықты идеялары қарастырылады.

Түйін сөздер: ақиқат, сана, тәжірибе, идея, «күмән-сенім» тұжырымдамалары, философиялық көзқарастар, прагматизмнің негізгі бағыттары.

Кіріспе. Заманауи философияның маңызды қырлары ретінде прагматизмнің қалыптасқан кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі теориялық өзгерістері саналады. Алғашында қалыптасқан тұжырымдар мен бүгінгі көзқарастар арасында біршама өзгерістер орын алғандығын байқау қиын емес.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясына арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаңа бағыт экономикалық саясатының мәні – түгел қамтитын экономикалық прагматизм, шын мәнінде бұл біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен ұстанымдарымызды түбегейлі өзгерту» [1], – деп атап көрсеткен болатын. Бұл Стратегия кемел болашаққа ұмтылған Қазақстан дамуының жаңа сапалы бағыты болып табылады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [2] атты мақаласында сананы жаңғыртудың екінші бағыты ретінде прагматизмге ерекше мән береді: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді».

Ғылыми-зерттеу жұмысында Президент мақаласында айтылған прагматизм ұғымы ғылым нысаны ретінде талданып отыр. Прагматизмнің негізгі түсініктері, даму тарихына ерекше назар аударылған. Түсініктің ғылыми негізделуін айқындай отырып, барлық қырларының тұжырымдамаларын дәйектеуге мән берілді. Өйткені, бағдарламалық мақалада айтылғандай, реализм мен прагматизм таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректері прагматизм саласы өкілдерінің теориялық-тәжірибелік еңбектері арқылы жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу үшін Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, сөздіктердегі анықтамалар, шет елдік ғалымдар зерттеулерлері мен аудармаларының теориялық әдебиеттерін пайдалану негізінде салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Зерттеу жүргізуге саяси институттар мен ғылымды саясаттанулық тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері әсер етті.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Прагматизм (гректің «πράγμα», «πράγματος» сөзінен шыққан, – «іс», «әрекет») – тәжірибеде ақиқат пен мағыналық белгілердің өлшемдеріне сүйенетін философиялық түсінік. Ұғымның шығуы ХІХ ғасырдың америкалық философы Ч. Пирс [3, 4] есімімен байланыстырылады. Ойшыл өз философиясының негізгі міндеті ретінде шынайы өмірге қатысы жоқ идеялардан арылуды санайды. Адам өмірімен тікелей байланысты философиялық мәселелер ғана маңызды болып табылады. Сондықтан бұл мәселелер адам әрекеті мен оның табыстылығы ұғымдарында қарастырылуы қажет.

Прагматизм объективтілік үлгісін қамтамасыз ету, біздің сеніміміздің жарамдылығын бақылауы қажет. Ойшыл ұғымды бекітудің дәйекті және қолайлы әдісін негіздеуге тырысты. Оның пікірінше, ортақ күдікті сейілтуге ғылым әдісі әсер етеді. Ғылым әдісі зерттеудің дұрыс және бұрыс жолдарын ажыратады; ол «ішкі тұрақты фактор ретінде қызмет атқарады», «қолданушылар арасында жалпыға бірдей шешім қабылдауға әкеледі» [5].

Прагматизмнің негізін Ч. Пирстың «күмән-сенім» тұжырымдамасы қалайды. Тұжырымдамаға сәйкес адамға екі жағдай тән: күмәндану жағдайы және сенім жағдайы. Айта кету қажет, сенім түсінігін ойшыл көзі жетушілік құбылысымен байланыстырады.

Бірінші жағдайда адам алаңдау, мазасыздық, қолайсыздық күйін кешеді. Бұл жағдайда адам өз-өзіне, айналадағы ахуалға риза емес күйде болып, мәселеден шығу әрекетімен айналысады. Мұндай ахуал оның атына келген сындардан, сәтсіздіктерден, табиғи қажеттіліктерге қанағаттанбаудан туындауы мүмкін. Аталмыш жағдайдан шығу үшін адам әрекет етуі керек. Әрекет еткенге дейінгі шешім ізденісі таным болып табылады. Демек, адамның ойлау қабілеті тиімді шешімдер қабылдау ізденісіндегі қажет іс, әрекет. Сондықтан ғылымның негізгі міндеті адамзат мәселелерін шешу болып табылады.

Ойшыл білім объективті ақиқатқа әкеледі деген тұжырымдаманы теріске шығарады. Прагматизмнің негізін қалаушы танымдық қызметті таным субъектісіне зияткерлік жайлылық қалыптастыратын әрекет ретінде қарастырады. Сондықтан Ч. Пирс ақиқатты адам сенімі екендігін дәйектейді.

Адам өз мүддесіне қажетті шешім қабылдағанда күмән сейіліп, сенім, көзі жетушілік жағдайы қалыптасады. Салмақты тұжырым пайда болған соң адамның өзіне деген сенімі қалыптасып, әрекет етуге даяр болады, қажетті шешімдер жүзеге асырылады. Жеке адамның сенімділік тұрақтылығы өзгелердің қолдауымен беки түседі. Адам сенімділігін арттырудың мұндай тәсілін ойшыл бедел әдісі деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Ч. Пирс адамзат білімінің табиғатын қарастыру барысында таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым семиотиканың негізін қалайды. Семантиканы дамыту арқылы мағыналылық, мән туралы ілімді қалыптастырады.

Кейін прагматизм У. Джеймс [6-8], Дж. Дьюи [9, 10], Дж. Сантаяна [11] еңбектерінде дамыды.

Ч. Пирстың көптеген идеяларын У. Джеймс жалғастырды. Оның түсіндірмесі бойынша прагматизм эмпиризмнің өте батыл түрі. Ч. Пирс ұсынған идеяларға сүйене отырып, фэлсафашы прагматизмге қатысты жаңа түсініктер қалыптастыруға ұмтылыс жасады. Түсініктердің прагматикалық теориясын әдіске айналдыра отырып, түрлі теориялық таластарды тәжірибелік нәтижелер, оны салыстыру және бағалау жолдарымен реттеуді ұсынды.

Ойшыл ақиқат туралы ілімнің прагматикалық қырларын күшейтті. Оның пайымдауынша, барлық теория сауалдардың жауабы ғана емес, ол оның негізгі құралы. Сондықтан бұл құрал нақтыланған мақсатқа жетудің тиімділігін арттыру нысаны ретінде қарастырылуы қажет. Ғалымның пікірінше, мақсатқа жеткізген теория ақиқат болып саналады. Ал ақиқат тәжірибелік тұрғыдан қолданылған жағдайда өз табыстылығын әкеледі. Жалпы прагматизм өкілдері туындатқан көптеген идеялар ХХ ғасырда қалыптасқан ғылымдардың әрекеттік әдістерін қолдануда өз көмеген берді деп есептейміз.

У. Джеймс табиғат мәселелеріне қарағанда, адам психологиясының ерекшеліктеріне мән берді. Ол жаратылыс заңдылықтарындағы ахуалдарға емес, тиімділік пен дін мәселелері бойынша сауалдарға көңіл бөлді. Өзінің прагматикалық қағидаларын өмірлік жетістік түсінігіне назар аударта отырып, жеке бақыт пен қанағатты суреттейтін сәтті өмірді жүзеге асыратын шарттарды қалыптастырды.

Дж. Дьюи Ч. Пирс пен У. Джеймстың прагматизм тұжырымдарын жаңғыртып, өз ілімін инструментализм деп атады. Ол ғылымды құрал-саймандарға арналған жәшікпен салыстырады. Адам мәселелік ахуалдарға толы күдік жағдайынан шығу үшін көмек беретін жолдар іздейді. Шешім барысында белгілі бір теорияны пайдаланып, ол мәселе шешімін тапса, теория іс жүзінде өз нәтижесін береді. Бірақ, бұл теория өзге адам немесе жағдаймен үйлеспейді мүмкін. Себебі, біркелкі ахуалдар болмайтындығы секілді, әмбебап теориялар да болмайды. Балғамен тақтайды кесу, ал қол арамен шеге қағу мүмкін емес. Бұл балғаның жарамсыз құрал екендігін білдірмейді. Ғылым теорияларындағы жағдай да осындай: ақиқаттылықты анықтау бойынша дәрежелік белгілерін бір тізбекте орнатудың қажеті жоқ. Теорияны оның ақиқаттылығы көзқарасында бағалауға қарағанда, оның мәселені шешудегі мүмкіндігіне мән беру қажет.

Ғалым философиялық идеяларға толы еңбектерімен қатар, педагогика саласына байланысты бірнеше зерттеулер жүргізді. Оның инструменталдық педагогика тұжырымдамасындағы идеялары АҚШ-тың білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуда. Отандық білім беру жүйесінде оның ұсынған педагогикалық теорияларының негізгі тұжырымдарын пайдаланған артықтық етпейді деп ойлаймыз.

Ол негізін қалаушы әріптестеріне қарағанда әлеуметтік мәселелерге ерекше мән берді. Оның философиясы прагматикалық әдістемені әлеуметтануда қолдану болып табылады. Ойшылдың тұжырымынша, ізгілікті қоғам моделін құру және осы утопияны жүзеге асыру үшін адамдар қуатын жұмсау келешегі жоқ талпыныс. Әлеуметтік өмірді ол рационалдықтан айырылған хаос көреді. Ешқандай заңдылықтар жоқ: бүгін қоғамның өміріне саясат ықпал жасаса, ертең – табиғи апат, бір айдан кейін соғыс әсер етеді [12].

Дж. Сантаянаның «Ақыл-ой өмірі» көлемді еңбегі философиялық ортадан бөлек қоғамда кең көлемде талқыланды. Еңбекте саяси және әлеуметтік, мәдениет мәселелері талданады. Оның философиясы дәстүрлі метафизикадан алшағырақ ұстанымда және логикалық талдауға сүйенген жүйелермен де жалпы ортақ пікірлері болмады. Ойшылдың түсінігіндегі философия ол әлем деңгейіндегі заттардың реттілігі жеке көзқарасын қалыптастыру болып табылады.

«Скептицизм және жануарлар сенімі» [13] атты еңбегінде ойшыл өз ілімдеріндегі радикалды эмпиризм мен объективті идеализм ұғымдарын үйлестіреді. Дүниеге көзқарас негіздерін радикал-

ды күдік арқылы құрады. Оның пікірінше, ақыл-ой, ес, күту, өзіндік сана материалдық әлемнен аластатылады. Тәжірибе мәліметтеріне назар немесе ішкі түйсіктер қолдау көрсетіп отыруы қажет.

Дж. Сантаянаның пайымдауынша, сана әрдайым бір зат туралы түсінікпен байланысты. Ішкі түйсік жорамал әрекеті және мәліметтерді меңгеру құралы. Сондықтан Сантаянаның ішкі түйсігі – кез келген көріністің ішкі және сыртқы мазмұны қалыптасатын назарды аудартатын әрекет болып табылады. Сондықтан тікелей мәліметтер өзіндік сана үшін айқындылығы басым. Жануарлар сенімі мазмұнды идеялар мен әсерлерге айналдырады және тіршілік қағидаларын қалыптастырады [14].

Жалпы Кеңестер елі саясатында прагматизм қағидаларына қолдау білдірілмеген және идеалистік буржуазиялық философияның бағыты ретінде бағаланған. Оны С. И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігінен» байқауымызға болады: «1. Шындықтың объективті білім танымын теріске шығаратын және буржуазия үшін тәжірибелік пайда нәтижесін ұсынатын идеалистік буржуазиялық философиядағы кертартпа бағыт. 2. Тарихи ахуалдарды олардың ішкі байланысы және реттілігімен сипаттау» [15].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» анықтамасы: «Ақиқатты практикалық пайдалылық тұрғысынан түсінетін философияда кең тараған субъективті-идеалистік бағыт» [16].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» он бес томдығының 12 томы да өзара ұқсас анықтама береді: «... Прагматизмның негізінде ақиқаттың мәнділігі оның практикалық тиімділігімен анықталады деген «прагматизм принципі» жатыр» [17].

В. Даль сөздігінде «прагматикалық» ұғымына түсініктеме берілген: «Прагматикалық тұрғыдан анықталған, іске негізделген және тікелей істе қолданылатын» [18].

Бүгінде прагматизмның негізгі бағыттары ретінде инструментализм, фаллибилизм, антиреализм, радикалды эмпиризм, верификационизм саналады.

Инструментализм – ұғым, рухани және әсемдік идеялары, ғылыми теориялар мен гипотезалар сынды адам санасынан туындайтын өнімдер қоршаған ортаға бейімдеу құралы болып табылатын, оның айқындылығы мен тәртібін реттейтін, өмір сүру үшін ыңғайлы жағдай туындататын философиялық-әдістемелік нұсқау. Ортақ қызмет, тәрбие және білім беру үдерістерінде адамдар игеретін құралдар құрылады және мәселелерді шешу барысында қолданылады. Бағыт прагматизмның әдістемелік құрамдас бөлігіне айналып, қазіргі заман философиясында ғылым тілі, құрылымы, қызметі және ғылыми теориялар даму бағыттарын түсіндіруде дербестікті иеленді.

Инструментализмге сәйкес, дүние туралы болмыстық ойлар адамның тәжірибелік және танымдық қызметінен тыс маңызды мазмұнға ие емес. Дүние адамзат тәжірибесінің ортасы ретінде айқындалған мезгілдік кеңістікке бағынышты. Ойлау осы жағдайда адам қозғалысын туындататын, мәселелерді шешетін, түсініспеушіліктерге қарама-қайшылық туындататын адамзат құралы. Сондықтан идеялар, түсініктер мен теориялар құндылығы құралдардың тиімділігімен айқындалады және оның тәжірибедегі қолданысы сәттіліктің кепілі.

Фаллибилизм (латынның fallibilis – қателерге бейімделген, айыпты болған) – кез келген ғылыми білім қағидаға сәйкес ақырғы емес, ақиқаттың аралық талдауынан кейін үздік түсіндірмелерге ауыстыруға болатындығын түсіндіретін бағыт. Бағыт қағидалары К. Поппердің толеранттылық қағидаларына сәйкес келеді.

Фаллибилизм ілімінің мәні туралы осы К. Поппер нақты ғылыми анықтама береді: «... екі дерекке негізделген көзқарас деп түсінемін: біріншіден, біз қателесуден сақтандырылмағанбыз; екіншіден, дұрыстыққа ұмтылыс (немесе жоғары ықтималдыққа) жаңсақтыққа әкеледі» [19].

Антиреализм ғылыми теорияларда бақыланбайтын онтологияның реалистік түсіндірмелерін теріске шығаруды негізге алатын тұжырымдама. Бағытты ұстанушылар ғылымның теориялық терминдерін көрсете бермейді. Қисыншыл ғалымдардың ғылыми білім жүйелеріне қолайлы қосымша гипотезалар ұсынуға септігін тигізеді.

Бағыт реализмды метафизиканы бұзушы тұжырымдама ретінде бағалайды. Олар үшін ғылымның теориялық дамуы дүние көрінісін ашу емес, жаңа үлгілерге қажетті жаңашыл гипотезалар мен құрылымдарды ойлап табу болып табылады. Бұл гипотезалар мен үлгілердің ешқандай үлестік қызметі жоқ болғандықтан, эмпирикалық зерттеулерді ұйымдастыру және оның нәтижелерін түсіндіруде қолайлы құралдар қалыптастырады.

Антиреализмнің негізгі түрлеріне Э. Мах инструментализмі, П. Дюгем дескриптивизмі, А. Пуанкаре конвенционализмі, П. Бриджмен операционализмі, Р. Карнаптың «тілдік қаңқа» тұжырымдамасы жатады. Жалпы постмодерн теориялары өкілдерінің басым бөлігі антиреализм тұжырымдамаларының негіздерін басшылыққа алады.

Радикалды эмпиризм сынақ жұмыстарындағы кез келген қатынастарды теңқұқылы бөлшектер ретінде қарастырады. Сынақ жұмыстарымен тығыз байланысты бөлшектер сырттан емес, тәжірибелік қатынастардан алынуы керек. Тәжірибеге елеулі үлес қосатын қатынастардың екі түрі айқындалған: тәжірибенің үздіксіздігі (сананың бір түрі) немесе тәжірибенің үздіктілігі (түрлі саналар арасында) қамтылатын ауысу қатынасы; таным процесін анықтайтын және оның нәтижелерін тиянақтау және сақтау тәсілдерін қолданатын ауыстыру қатынасы. Ауыстыру қатынасы ұғымдық ойлау негізінде жатыр. Ауыстыру түсінікті сөзбен немесе бірнеше заттармен алмастыруды айтады. Бағыт өкілдерінің пікірінше, тәжірибенің үздіксіздігі метафизикадан құтқарады.

Радикалды эмпиризмнің кезекті маңызды түсінігіне плюрализм жатады. Тәжірибе әлі зерттелмеген буындардың үйлесімді жүйесіне қарағанда, хаос ретінде қарастырылады: теориялар хаосы – тікелей тәжірибені ауыстырады; эмоциялар хаосы – тікелей тәжірибе өзгерістері. Осылайша «таза тәжірибе» және тәжірибені ұғыну арасындағы айырмашылықтарды ажырата білу қажет. Кез келген жүйе ұғынуды жүзеге асырудың нәтижесі. Осыдан дүниенің шынайы бейнесінің екіұштылығы туралы пікір туындайды [20].

Верификационизм ғылыми және ғылымнан тыс білімдер арасындағы шекті белгілеуге жағдай жасайтын ғылыми рационалдылықтың негізгі өлшемдерін анықтау қағидаттары бойынша қолданылатын философиялық-әдістемелік бағыт. Бағыт ғылымды эмпирикалық негіздеудің неопозитивтік бағдарламасына тән тәжірибе түсінігін ғылыми талдау түрі болып табылады. Верификационизмнің тұжырымдамалық негіздеріне тәжірибе құрылымының бөлінбеу жиынтықтары туралы идеялар, ұсыныстарды бірімәнді бейнелеуге жол беретін қарапайым деректер немесе оқиғалар жатады.

Верификация қағидаларына сәйкес, әрбір ғылыми тұрғыдан тиянақталған ұсыныс сезім тәжірибесі деректерімен салыстырылуы мүмкін. Мұндай салыстырулар болмаған ұсыныстар ғылыми мағынасы жоқ ретінде бағаланып ғылыми рационалдылық шеңберінен шығарылады (мысалы, метафизика ұсыныстары). Тәжірибе мәліметтерімен расталған ұсыныстар шынайы, ал теріске шығарылған жалған болып есептеледі. Бағыт өз ұстанымдарын дамыта түсті: верификацияның алғашқы нұсқасына сәйкес, әрбір дерек айқын «хаттамаланған» пікірлерде көрініс тапса, икемді нұсқасы тікелей сезімдік баламаға қатысы жоқ ғылыми пікірлер санатында болады [21].

Дәйектелгендей, прагматизм философиясы метафизика мағыналығын теріске шығарады және ақиқатты адамдар арасындағы уақытша келісім ретінде қарастырады. Прагматизмге өткен ғасырдың екінші жартысында ерекше назар аударылған кезеңде оның жеке нұсқасына сүйенген және логикалық позитивизмді сынға алған жаңа философиялық мектептер пайда болды. Белсенділікті аналитикалық философия өкілдері У. Куайн, У. Селларс танытты. Кейін олардың тұжырымдамасын Р. Рорти жалғастырды. Осыдан кейін заманауи философиялық прагматизм аналитикалық және релятивистік бағыттарға бөлінді.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы», – деп атап көрсетеді.

Мемлекет басшысы осы жылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [22] атты Қазақстан халқына Жолдауында жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының деңгейін бақылауды және талапты күшейтуді тапсырды. Сондықтан барлық жоғары оқу орындары табысты жұмыс жасауы үшін білім беру қызметін жетілдіруді үнемі бақылап отыруы қажет деп ойлаймыз. Сапалы білімнің мақсаты және мазмұнымен қатар, бітіруші студентті даярлауда оқытушылар құрамының кәсіби біліктілігі, студенттердің қабілеттілігін жоғарылатуға ықпалы мен ғылыми қызметке қызығушылығын арттыру қажет. Бұл мақсатқа жету жолында еліміздің барлық мүмкіншіліктері бар.

Жолдауда Елбасы ғылыми және инновациялық әлеуетімізді жоғары оқу орындары, Назарбаев Университеті және «Алатау» инновациялық технологиялар паркі базасында дамытуды ұсынды.

Себебі ғылыми әлеует іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізудің ресурстары мен шарттарының жиынтығы ретінде айқындалады. Өз кезегінде инновациялық әлеует өндірісте жаңа өнімдер мен технологиялар тиімділігін арттыратын ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін қолданыста игеруді қамтамасыз ететін ресурстар мен шарттар түрлерінің жиынтығы саналады.

Осы уақытқа дейін елімізде «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасы, 2008–2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасы бекітілген болатын. Бағдарламалар шеңберінде саламатты өмір салтын ұстанудың біршама кешенді шаралары жүзеге асырылғандығын айта кеткеніміз жөн.

Қорытынды. Прагматизм адамзаттың өмірлік белсенділігінің жоғары көрсеткіші ретінде өзінің тиімділік, сәттілік алғышарттарының үстемдік ететіндігін көрсете білді. Прагматизмде философиялық тұрғыдан заманауи ой қалыптастыру басты шамалардың бірі болып табылады. Атап өтер болсақ, парасат пен жаратылыс қағидаларының маңыздылығы, инновацияландыруға ұмтылыс пен белсенділік, ғылыми білімді жоғары мәдени құндылық ретінде тану, мінез-құлықтың адамгершілік құндылықтарын бағалау және т.б.

Заманауи білім беру әлеуметтік тәжірибе ретінде көптеген реформалар арқылы түбегейлі өзгерістер күйінде өтіп жатыр. Білім саласындағы реформалар қызу талқылаулар туындатып, қоғам мүшелері арасында қарқынды пікірталастарға ұласуда. Жаңа үлгідегі білім беру мекемелерінің, инновациялық білім беру бағдарламалары мен оқулықтардың пайда болуы педагогикалық тұжырымдамалар өзгерістеріне әкеледі. Бүгінгі таңда білім беруді мамандар даярлаудың жүйесі ретінде қарау дәстүрлі түсінігінен арылу қажет. Білім беру мен еңбек дағдысын қалыптастырудағы кәсіби даярлықта жаңа заман құндылықтарын игеруге баса назар аудару қажет деп ойлаймыз. Дегенмен, мәселенің кері жақтарының бар екендігін ұмытпағанымыз абзал. Прагматизм мен құнттылық, қарапайым тілде айтсақ, байлықты аңсау және оған құмарлық ғылыми шығармашылық пен білімнің негізгі түрткісі болып табылмайды. Білім берудің басты мақсаты мәңгілік құндылықтарды негізге ала отырып, ішкі ынталандыруларды қалыптастыру болып табылады. Сондықтан тек прагматикалық тұрғыдан ойлайтын, реалист мамандар даярлаумен қатар, олардың рухани құндылықтар қалыптастырған азамат ретінде тәрбиелеуге ерекше назар аударғанымыз жөн.

Саламатты өмір салтын ұстануға байланысты оны қалыптастырудың жаңа түрлері мен әдістерін әзірлеу бойынша жұмыстар атқару керек. Бүгінде азаматтар денсаулығының кенеттен нашарлауы көпшілік мойындаған заманның шындығы. Қоршаған ортаның ластануы, жасанды құрамнан тұратын азық-түлік, экологиялық ахуал секілді көптеген факторлар адам денсаулығының өзгерістерін туындатуда. Бұл өзгерістерге медицина нақты әрекеттер жасай алмай отырғандығын мойындауымыз қажет. Сондықтан дене тәрбиесі арқылы саламатты өмір салтын қалыптастырудың алдын алу бағытындағы шаралары өзектілігін жоғалтпайтындығы анық.

Прагматизмді философиялық жүйе ретінде жолын қуушы, қолдаушысын прагматик деп атаймыз. Күнделікті жағдайда прагматик ол өмірге деген әрекеттері мен көзқарастары жүйесін табысты нәтижелер арқылы қалыптастырады. Сондықтан еліміз үшін прагматизм ұсынған үлгілерді ұстану заманауи әлемдегі табысты ұлт болуымыздың негізін қалайды.

ӘДЕБИЕТ

[1] «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan

[2] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017, 12 сәуір.

[3] Пирс Ч.С. Начало прагматизма / Пер. с англ. В. В. Кирющенко, М. В. Колопотина. – СПб.: Лаборатория метафизических исследований философского факультета СПбГУ; Алетейя, 2000. – Т. 1. – 318 с. – ISBN: 5-89329-259-6; Т. 2. – 352 с. – ISBN: 5-89329-278-2.

[4] Пирс Ч.С. Принципы философии. / Пер. с англ. В. В. Кирющенко, М. В. Колопотина. – СПб.: С.-Петербург. филос. о-во, 2001. – Т. 1. – 224 с. – ISBN: 5-93597-012-0; Т. 2. – 320 с. – ISBN: 5-93597-016-3.

[5] Пирс Ч.С. Закрепление верования // Вопросы философии. – 1996. – № 12. – С. 113-114.

[6] Джеймс У. Прагматизм: новое название для некоторых старых методов мышления. – М.: Ленанд, 2015. – 240 с. – ISBN: 978-5-9710-1627-4.

[7] Джеймс У. Психология в беседах с учителями. – СПб.: Питер, 2001. – 150 с. – ISBN: 5-318-00153-X.

- [8] Джеймс У. Многообразие религиозного опыта / Пер. с англ. В. Г. Малахеевой-Мирович, М. В. Шика, под ред. и с предисл. С. В. Лурье. – М.: URSS КомКнига, 2012. – 418 с. – ISBN: 978-5-484-01302-9.
- [9] Дьюи Д. Реконструкция в философии. Проблемы человека / Пер. с англ., послесл. и примеч. к. филос. н. Л. Е. Павловой. – М.: Республика, 2003. – 493 с. – ISBN: 5-250-01849-1.
- [10] Дьюи Д. Общество и его проблемы / Пер. с англ. И. И. Мюрберг и др. – М.: Идея-Пресс, 2002. – 159 с. – ISBN: 5-7333-0052-3.
- [11] Сантаяна Д. Характер и мировоззрение американцев / Пер. с англ. И. Мюрберг. – М.: Идея-пресс, 2003. – 175 с. – ISBN: 5-7333-0056-6.
- [12] Аглиуллина К.С., Семенова Э.Р. Прагматизм как философия науки // Молодой ученый. – 2016. – № 23. – С. 584-586.
- [13] Сантаяна Д. Скептицизм и животная вера / Пер. с англ. А. С. Фомина. – СПб.: Владимир Даль, 2001. – 387 с. – ISBN: 5-93615-013-5.
- [14] Красиков В.И. Американская философия классического периода: реализм и прагматизм // Вестник КемГУКИ. – 2014. – № 4(29-1). – С. 98.
- [15] Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под общей редакцией академика С. П. Обнорского. – М.: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1952. – С. 525. – 848 с.
- [16] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 679 б. – 968 б. – ISBN: 9965-798-99-0.
- [17] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – 12 том. / Құраст. А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 300 б. – 752 б. – ISBN: 9965-893-53-5.
- [18] Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4 томах. – Т. 3. – М.: Русский язык, 1990. – С. 380. – 555 с. – ISBN: 5-200-00165-X.
- [19] Поппер К.Р. Факты, нормы и истина: дальнейшая критика релятивизма // Поппер К.Р. Логика и рост научного знания: сост., общ. ред. и вступ. ст. В. Н. Садовского. – М.: Прогресс, 1983. – С. 387. – 605 с.
- [20] Прагматизм // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://scibook.net/istoriya-filosofii/pragmatizm-53704.html>
- [21] Верификационизм // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://iphlib.ru/greenstone3/library/collection/newphilenc/document/HASH6e4b288e60a1b52aebfcb6>
- [22] Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2017, 31 қаңтар.

REFERENCES

- [1] «Kazakhstan-2050» Strategijasy kalypaskan memleketin zhana sajasi bagyty. Kazahstan Respublikasynyn Prezidenti N. A. Nazarbaevtyн Kazahstan halkyna Zholdaуy. Jelektroндыk resurs. Koru rezhimі: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyн-kazakhstan-halkyna-zholdaуy-2012-zhylyg-14-zheltoqsan (In Kaz.).
- [2] Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru. *Egemen Kazahstan*, 2017. 12 sauir. (In Kaz.).
- [3] Pirs Ch.S. Nachalo pragmatizma. Per. s angl. V.V. Kirjushhenko, M.V. Kolopotina. SPb.: Laboratorija metafizicheskikh issledovaniy filosofskogo fakulteta SPbGU; Aletejja, 2000. Vol. 1. 318 s. ISBN: 5-89329-259-6; T. 2. 352 s. ISBN: 5-89329-278-2. (In Russ.).
- [4] Pirs Ch.S. Principy filosofii. Per. s angl. V.V. Kirjushhenko i M.V. Kolopotina. SPb.: S.-Peterb. filos. o-vo, 2001. Vol. 1. 224 s. ISBN: 5-93597-012-0; Vol. 2. 320 s. ISBN: 5-93597-016-3. (In Russ.).
- [5] Pirs Ch.S. Zakreplenie verovanija. *Voprosy filosofii*, 1996. 12, S. 113-114. (In Russ.).
- [6] Dzhejms U. Pragmatizm: novoe nazvanie dlja nekotoryh staryh metodov myshlenija. M.: Lenand, 2015. 240 s. ISBN: 978-5-9710-1627-4. (In Russ.).
- [7] Dzhejms U. Psihologija v besedah s uchiteljami. SPb.: Piter, 2001. 150 s. ISBN: 5-318-00153-X. (In Russ.).
- [8] Dzhejms U. Mnogoobrazie religioznogo opyta. Per. s angl. V.G. Malahievoj-Mirovich, M.V. Shika, pod red. i s predisl. S.V. Lur'e. M.: URSS KomKniга, 2012. 418 s. ISBN: 978-5-484-01302-9. (In Russ.).
- [9] D'jui D. Rekonstrukcija v filosofii. Problemy cheloveka. Per. s angl., poslesl. i primech. k.filos.n. L.E. Pavlovoj. M.: Respublika, 2003. 493 s. ISBN: 5-250-01849-1. (In Russ.).
- [10] D'jui D. Obshhestvo i ego problemy / Per. s angl. I.I. Mjурberg i dr. M.: Ideja-Press, 2002. 159 s. ISBN: 5-7333-0052-3. (In Russ.).
- [11] Santajana D. Harakter i mirovozzrenie amerikancev Per. s angl. I. Mjурberg. M.: Ideja-press, 2003. 175 s. ISBN: 5-7333-0056-6. (In Russ.).
- [12] Agliullina K.S., Semenova Je.R. Pragmatizm kak filosofija nauki. *Molodoj uchenyj*, 2016. 23, S. 584-586. (In Russ.).
- [13] Santajana D. Skepticizm i zhivotnaja vera. Per. s angl. A.S. Fomina. SPb.: Vladimir Dal', 2001. 387 s. ISBN: 5-93615-013-5. (In Russ.).
- [14] Krasikov V.I. Amerikanskaja filosofija klassicheskogo perioda: realizm i pragmatizm. *Vestnik KemGUKI*, 2014. 4 (29-1), S. 98. (In Russ.).
- [15] Ozhegov S.I. Slovar' russkogo jazyka. Pod obshhej redakciej akademika S.P. Obnorskogo. M.: Gosudarstvennoe izdatel'stvo inostrannyh i nacional'nyh slovarей, 1952. S. 525. 848 s. (In Russ.).
- [16] Kazah tilinin tusindirme sozdigi. Zhalpy redakciyasyn baskargan T. Zhanuzakov. Almaty: Dajk-Press, 2008. 679 b. 968 b. ISBN: 9965-798-99-0. (In Kaz.).
- [17] Kazah adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 12 tom. Kurast. A. Uderbaev, O. Nakysbekov, Zh. Konyratbaeva zhane t.b. Almaty: Kazah jenciklopedijasy, 2010. 300 b. 752 b. ISBN: 9965-893-53-5. (In Kaz.).

[18] Dal' V. Tolkovyy slovar' zhivogo velikoruskogo jazyka. V 4 tomah. Vol. 3. M.: Russkij jazyk, 1990. S. 380. 555 s. ISBN: 5-200-00165-X. (In Russ.).

[19] Popper K.R. Fakty, normy i istina: dal'nejshaja kritika reljativizma. Popper K.R. Logika i rost nauchnogo znanija: sost., obshh. red. i vstup. st. V. N. Sadovskogo. M.: Progress, 1983. S. 387. 605 s. (In Russ.).

[20] Pragmatizm. Jelektronnyj resurs. Rezhim dostupa: <http://scibook.net/istoriya-filosofii/pragmatizm-53704.html> (In Russ.).

[21] Verifikacionizm. Jelektronnyj resurs. Rezhim dostupa: <http://iphlib.ru/greenstone3/library/collection/newphilenc/document/HASH6e4b288e60a1b52aebfc6e> (In Russ.).

[22] Kazhstannyn Ushinshi zhangyruy: zhahandyk basekege kabilettilik: Kazahstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyн Kazahstan halkyna Zholdaуy. *Egemen Kazahstan*, 2017. 31 kantar. (In Kaz.).

М. О. Насимов, Б. Ж. Паридинова

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

ПРАГМАТИЗМ КАК ОБЪЕКТ НАУКИ

Аннотация. Прагматизм как особое философское течение и его идеи занимает важное место в современном обществе. В современных источниках прагматизм понимается как образ поведения, жизненная позиция основанная на практических интересах или трезвый расчёт, мотив к деятельности, подразумевающей практическую выгоду.

В программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Президент Казахстана призвал казахстанцев поменять привычки и избитые принципы, так как без этого невозможна полноценная модернизация страны. Лидер Нации назвал горькие примеры халатного отношения к родной земле. По мнению главы государства, на пути к модернизации казахстанцы должны возродить в себе качества, которые были присущи им издревле. Прагматизм, по словам Президента, – это иметь в приоритете достижение конкретной цели, это здоровый образ жизни, профессиональное развитие и умение на этом пути выгодно использовать каждую вещь.

В статье прагматизм определяется как объект науки. Исследуется эволюция прагматизма с целью идентификации его основополагающих принципов. Рассмотрены взгляды ключевых представителей течения и наиболее интересные их идеи.

Ключевые слова: истина, сознание, опыт, идея, концепция «сомнения-веры», философские взгляды, основные направления прагматизма.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 20.11.2017.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
14,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 6.